



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 11 қараша N 1403.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.29. N 1348 қаулысымен. ~P981348

Заң әдебиетімен жедел қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) қаулысымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасы енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасына екі мемлекеттік еншілес кәсіпорын құруға рұқсат етілсін және олардың жарғылары белгіленген тәртіппен бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне "Жеті жарғы"

республикалық заң әдебиеті баспасына мемлекеттік меншік құқығының баспаға қатысты функциялар субъектін жүзеге асырушы мемлекеттік басқару органы өкілеттігі берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасының жарғысын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтірсін және оны тіркесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК